


Бекітемін



МДҰ меншерушісі:

Бахбергенова Н.А.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары  
және**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу  
бағдарламасы негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған  
музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық  
жоспары.**

**Ересек топ «Ақбота» - тобы.**

**Музыка жетекшісі: Халбаева Г.М.**

**2023-2024 оқу жылы.**

## Қыркүйек айы 2023 жыл

|               |  |
|---------------|--|
| <b>Музыка</b> | <p><b>Музыка тындау:</b><br/>Музыканы тындау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тындау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тындалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімеледі жетілдіру</p> <p><b>Ән айту:</b><br/>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету</p> <p><b>Музыкалық-ырғактық қимылдар:</b><br/>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:</b><br/>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды таныстыру.</p> <p><b>Билер:</b> Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету</p> |
|---------------|--|

## Қазан айы 2023 жыл

|               |  |
|---------------|--|
| <b>Музыка</b> | <p><b>Музыка тындау:</b> Музыканы тындау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тындау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тындалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімеледі жетілдіру</p> <p><b>Ән айту:</b><br/>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p><b>Музыкалық-ырғактық қимылдар:</b><br/>марш сипатын ырғакты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғакты жүгіруді орындауды үйрету</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап ағаш қасықтарды қолдану, қарапайым әуендерді орындауын үйымдастыру</p> <p><b>Билер:</b> музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыруды менгерту.</p> |
|---------------|--|

## Караша айы 2023 жыл.

|               |  |
|---------------|--|
| <b>Музыка</b> | <p><b>Музыка тындау:</b><br/>Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен),</p> <p><b>Ән айту:</b><br/>Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.<br/>Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын</p> |
|---------------|--|

|  |   |
|--|---|
|  | <p>жеткізе білуге үйрету.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b><br/>Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіруді үйрету</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:</b><br/>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап сұлдырмақтарды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауына жағдай жасау</p> <p><b>Билер:</b><br/>Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтауын дамыту.</p> |
|--|---|

### Желтоқсан айы 2023 жыл

|               |  |
|---------------|--|
| <b>Музыка</b> | <p><b>Музыка тындау:</b><br/>Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеуді үйрету</p> <p><b>Ән айту:</b><br/>Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуендерді таза және сөздерді анық айтуда, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b><br/>Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруді орыннату</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:</b><br/>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап асатаяқты қолдану, қарапайым әуендерді ойнауына жағдай жасау</p> <p><b>Билер:</b><br/>Би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу.</p> |
|---------------|--|

### Қантар айы 2023 жыл

|               |   |
|---------------|---|
| <b>Музыка</b> | <p><b>Музыка тындау:</b><br/>Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тындалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімеледеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам)</p> |
|---------------|---|

|  |  |
|--|--|
|  | <p><b>Эн айту:</b><br/>         Эуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.<br/>         Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні қөмегімен).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b><br/>         Қимылдарды музыкаменсәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгертуді менгерту</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:</b><br/>         Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап сазсырнайды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауға мункундік беру</p> <p><b>Билер:</b><br/>         Жұппен би қимылдарын орындауды; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдануды қалыптастыру.</p> |
|--|--|

### Ақпан айы 2024 жыл

|               |  |
|---------------|--|
| <b>Музыка</b> | <p><b>Музыка тындау:</b><br/>         Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тындалған музықадан алған әсерлері туралы әңгімелуеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам)</p> <p><b>Эн айту:</b><br/>         Эуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің қөмегімен).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b><br/>         Музыканың көнілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:</b><br/>         Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап барабанды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауына жағдай жасау</p> <p><b>Билер:</b><br/>         Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойыменән айтып жүруін дамыту.</p> |
|---------------|--|

### Наурыз айы 2024 жыл

|               |  |
|---------------|--|
| <b>Музыка</b> | <p><b>Музыка тындау:</b><br/>         Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тындау.</p> |
|---------------|--|

**Ән айту:**

Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Әнді мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып, қымылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).

**Музыкалық-ырғақтық қымылдар:**

Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу

**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**

Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап домбыраны қолдану, қарапайым әуендерді ойнауын дамыту

**Билер:**

Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойыменән айтып жүру, қымылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту.

**Сәуір айы 2024 жыл****Музыка****Музыка тындау:**

Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қымылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тындау.

**Ән айту:**

Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Әнді мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып, қымылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).

**Музыкалық-ырғақтық қымылдар:**

Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіруді жасату.

**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**

Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап металлофонды қолдану, қарапайым әуендерді ойнауға мүмкіндік беру

**Билер:**

Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажыратада білу, атрибуттармен би қымылдарын орындауды дамыту.

**Мамыр айы 2024 жыл****Музыка****Музыка тындау:**

Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қымылдармен сүйемелдеу дағдысын бекіту

**Ән айту:**

Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуендей таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.

**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**

Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынменсекірін бекіту.

**Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:**

Музыкалық аспаптарды тану және атауды. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнауды бекіту.

**Билер:**

Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.